

18 тамыз
Сейсенбі,
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru
[Kokjar_tynysy](#)

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОРТАҚ МЕРЕКЕНІҢ МЕРЕЙЛІ СӘТІ

ТАМЫЗ АЙЫНЫҢ ҮШІНШІ ЖЕКСЕНБІСІ – СПОРТ КҮНІ. БҰЛ КӘСІБИ МЕРЕКЕ – СПОРТ САЛАСЫНДА ЕҢБЕК ЕТІП ЖҮРГЕН МАМАНДАРДЫҢ ЕҢБЕГІН БАҒАЛАП, ЕЛ АЗАМАТТАРЫН САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА ҮНДЕЙТІН АЙТУЛЫ КҮН. БҮГІНДЕ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ ДАМУҒА, БАЛАЛАР МЕН ЖАСТАРДЫ СПОРТҚА ТАРТУҒА, АУЫЛДАРДАҒЫ СПОРТ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН КЕҢЕЙТУГЕ АЙРЫҚША КӨҢІЛ БӨЛІНУДЕ. СПОРТ КҮНІ – САЛА МАМАНДАРЫ ҮШІН ҒАНА ЕМЕС, БАРША ҚОҒАМ ҮШІН МАҢЫЗДЫ МЕРЕКЕ. СПОРТ ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ ҒАНА ЕМЕС, ЕЛ РУХЫНЫҢ НЕГІЗІ. 12 ТАМЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР КҮНІ. АЛ, СПОРТПЕН АЙНАЛЫСАТЫНДАРДЫҢ ДЕНІ АУЫЛ ЖАСТАРЫ. СОНДЫҚТАН, ЖАСТАР МЕН СПОРТ ЕГІЗ ҰҒЫМ СИЯҚТЫ.



Спорт және жастар күніне арналған шаралар өткен аптаның соңында Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы орталық саябақта мерекелік марапатпен аяқталды. Салтанатты шара спортшылар мен жастардың шеруімен басталды. Мерекелік жиынға жалынды жастар, спорт саласының ардагерлері, жаттықтырушылар, спортшылар, сала қызметкерлері және жас спортшылар қатысты. Мерекелік жиында аудан әкімі Асқар Қазыбаев спорт саласының ардагерлері мен қызметкерлерін, жаттықтырушыларды, спортшыларды, аудан жастарын және барша

қатысушыларды кәсіби мерекелерімен құттықтады. Аудан әкімі өз сөзінде жастардың ауданның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық дамуына, сондай-ақ спорт саласының өркендеуіне қосып отырған үлесінің маңыздылығына тоқталды. Сонымен қатар жастардың тың бастамалары мен жаңа жобаларын қолдау, олардың спортпен және салауатты өмір салтымен тұрақты айналысуына жағдай жасау – басты бағыттардың бірі екенін атап өтті. Салтанатты шара барысында ауданның қоғамдық өміріне белсене араласып, нәтижелі еңбек етіп жүрген белсенді

жастар, сондай-ақ аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі жарыстарда жүлделі орындарға ие болған спортшылар марапатталды. Үздіктерге Ақтөбе облысы әкімінің және Ойыл ауданы әкімінің Алғыс хаттары, медальдар табысталып, еңбектері мен жетістіктері жоғары бағаланды. Сонымен қатар көш қонағы еркін күрестен халықаралық дәрежедегі спорт шебері Сабыржан Жолдаев, спорт ардагері Мінсібай Жайлыбаев мен белсенді жас Елеусін Займолдин аудан жұртшылығын мерекемен құттықтап, жастарға сәттілік пен толағай табыс тіледі.

Халықаралық Спорт және жастар күніне арналған бұл шара жастардың белсенділігін арттыруға, олардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға, салауатты өмір салтын насихаттауға және спортты бұқара арасында кеңінен дәріптеуге бағытталды. Жастар – ел болашағы. Ал спорт – денсаулықтың кепілі, жігер мен табандылықтың мектебі. Осындай тағылымды іс-шаралар жастардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, олардың жаңа жетістіктерге ұмтылуына серпін береді.

Өз тілшіміз.

ТАБИҒАТ АЯСЫНДАҒЫ «ПАРПЫСЫ» ДЕНАЛЫС ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ СЕРПІН СЫЙЛАДЫ

ОЙЫЛ АУДАНЫҚ БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН, ТАБИҒАТ АЯСЫНДА АЛҒАШ РЕТ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ҮШІН «BARQUN TEAM FEST — 2026» ТИМБИЛДИНГІ ӨТТІ. ШАРАҒА ОРТАЛЫҚ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ МЕН АРДАГЕРЛЕР ҚАТЫСЫП, КӨТЕРІНКІ КӨҢІЛ-КҮЙДЕ МАЗМҰНДЫ УАҚЫТ ӨТКІЗДІ.



Тимбилдингтің ашылу салтанатында Ойыл аудандық мәслихатының төрағасы С. Займолдин сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Ал Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің ди-

ректоры Д.Исабаев «Барқын құмының» тарихынан сыр шертіп, танымдық экскурсия өткізді. Көңілді шараның жалғасы командалық сайысқа ұла-сып, қатысушылар «Көкжар»,

«Ойыл», «Бәйтерек» командалары болып бақ сынасты. Тартысты жарыс нәтижесінде I орынға «Көкжар» командасы, II орынға «Ойыл» командасы, III орынға «Бәйтерек» командасы иеленді.

Шара соңында командалар орталық атынан мадақтама-лармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Аманорман Алтыбаев, Құнанбай Дәулетқалиев, Андрей Сисенғалиевтар үздік капитандар деп танылса, ал командалық үздік ойыншылар Разихан Ешмұханбетова, Сәуірбай Ұлықпанов, Гүлзада Жұмағалиевалар арнайы марапаттарға ие болды. Сонымен қатар шараға белсене қатысқан ардагерлеріміз Биғали Ахметов, Нәтима Нұғыманова мен Сырға Қалдығұловаларға Алғыс хаттар табысталды.

Кеш барысында қызықты ойындар ойнатылып, әсем әндер шырқалып, күмбірлеген күйлер орындалды. Ақ дастархан басындағы бейресми жүздесу қатысушыларға ерекше көңіл-күй сыйлады.

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ - 2026

Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру тәртібі

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады. Әр сайлаушы жеке дауыс береді. Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтырылады. Бюллетенді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұсына сайлаушының бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылатын адамның көмегін пайдалануға хақылы. Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы. Толтырылған бюллетенді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

ЖАСТАРДЫ СЕРПІЛТКЕН КҮН

Халықаралық жастар күніне орай ауданымызда жастар саясатын дамытуға, жас буынның қоғамдық белсенділігін арттыруға және жастар бастамаларын қолдауға үлес қосып жүрген бірқатар белсенді жастар марапатталды. Мерекелік шара барысында жастар саласындағы еңбегі мен белсенді қоғамдық қызметі үшін бірқатар азаматтарға арнайы алғыс хаттарды аудан әкімі Асқар Қазыбаев табысталды. Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаровтың Алғыс хатымен — Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының маманы Анар Аралқызы марапатталса, Ақтөбе облысының жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Әлімбек Тұралиевтің Алғыс хатымен Әмірекен Әндірова мен Нұрлан Ешімов марапатталды. Ақтөбе облыстық жастар орталығының басшысы Әлішер Садықтың Алғыс хатымен белсенді жастар Елеусін Займолдин

мен Дамир Галиакбаровтар марапатталды. Бұл марапаттар — жастар саясатын дамыту жолындағы еңбектің, белсенділіктің және ел болашағына деген жауапкершіліктің бағасы. Сондай-ақ, аудан әкімі «Жасыл ел» еңбек жасақтарының жастарымен кездесті. Кездесу барысында аудан әкімі жасақшылардың жазғы еңбек маусымындағы жұмыстары, атқарылып жатқан тазалық және абаттандыру жұмыстары туралы пікір алмасты. Жастардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, олардың қоғамдық жұмыстарға белсенді араласуының маңыздылығын атап өтті. «Жасыл ел» жобасы жастарды еңбекке баулып қана қоймай, туған өлкенің тазалығы мен көркеюіне үлес қосуға мүмкіндік береді. Кездесу соңында жастар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, аудан басшысымен еркін форматта пікір алмасты.

ӘДІЛ СОТ - ТҰЛҒАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ, БОСТАНДЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІНІҢ КЕПІЛІ

Әр адам өмірінде әділдікке сүйенгісі келеді. Қандай жағдай болмасын, өзінің құқығы қорғалатынына, заң алдында бәрі тең екеніне сенгісі келеді. Бұл сенім — құқықтық мемлекеттің ең басты тірегі. Сондықтан адамның құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау — сот төрелігінің негізгі міндеті ғана емес, қоғамдағы әділеттіліктің өлшемі. Қазақстан Республикасының Конституциясында адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең қымбат қазынасы ретінде айқындалған. Бұл — жай ғана заң нормасы емес, мемлекет пен қоғам ұстануға тиіс басты қағида. Осы қағиданың өмірде нақты жүзеге асуына сот билігі жауапты.

Сот қызметінде әртүрлі тағдырлармен бетпе-бет келеміз. Біреу еңбегінің әділ бағаланып қалайды, енді бірі отбасылық дауда ақиқатты іздейді, үшіншісі өз меншігін немесе абыройын қорғауға келеді. Әр талаптың артында адамның тағдыры, үміті мен сенімі тұрады. Сондықтан сот үшін әр іс — жай ғана құжаттар жиынтығы емес, адам тағдырына қатысты үлкен жауапкершілік. Тұлғаның құқықтары — оның қоғамдағы лайықты өмір сүруіне мүмкіндік беретін заңмен қорғалатын игіліктер. Олар еңбек етуге, білім алуға, меншікке ие болуға, кәсіпкерлікпен айналысуға, әлеуметтік қорғауға және сот арқылы қорғалуға деген құқықтарды қамтиды. Бұл құқықтары бұзылған жағдайда азамат сотқа жүгініп, әділ шешім қабылдануын талап етуге толық құқылы. Құқықпен қатар адамның бостандықтары да ерекше құндылыққа ие. Ой еркіндігі, ар-ождан бостандықтары — еркін жүріп-тұру құқығы — адамның қадір-қасиетімен біте қайнасқан игіліктер. Бұл бостандықтардың сақталуы — демократиялық қоғамның басты белгісі. Ал олардың заңсыз шектелуіне

жол бермеу — соттың маңызды міндеттерінің бірі. Кейде азаматтың нақты құқығы емес, оның заңды мүддесі бұзылады. Мұндай жағдайда да заң адамның мүддесін қорғауды нағыз зардан тыс қалдырмайды. Егер мемлекеттік органның немесе өзге тұлғаның әрекеті азаматтың заңмен қорғалатын мүддесіне нұқсан келтірсе, сот сол әділетсіздікті жоюға және заңдылықты қалпына келтіруге міндетті. Сот төрелігінің басты мақсаты — заңның үстемдігін қамтамасыз етіп, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, азаматтардың бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Әділ шешім қабылданған жерде қоғамның заңға деген сенімі де нығая түседі. Бүгінде сот жүйесі заман талабына сай жаңартып келеді. Электрондық қызметтердің енгізілуі азаматтардың сотқа жүгінуін жеңілдетіп, сот төрелігін бұрынғыдан да қолжетімді етті. Бұл өзгерістердің түпкі мақсаты — әр азаматтың өз құқығын еш кедергісіз қорғауына мүмкіндік жасау. Құқықтық мемлекет тек заңдардың көптігімен емес, сол заңдардың әділ орындалуымен бағаланады. Ал, әділдік әр азаматтың өз құқығын біліп, оны заң аясында қорғай алуынан басталады. Сондықтан құқықтық мәдениетті қалыптастыру — қоғамның ортақ міндеті. Төле би данамыз айтып кеткен «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» нақыл сөзінің мәні бүгінгі сот төрелігі үшін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Судья үшін ең басты өлшем — заң мен әділдік. Себебі әділ сот бар жерде адамның құқығы қорғалады, бостандығы сақталады, заңды мүддесі аяққа тапталмайды. Тұлғаның құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері қорғалған қоғамда әрқашанда тұрақтылық, татулық және заң үстемдігі орын алады.

Г. АБИЕВА,
Ойыл аудандық сотының судьясы.

ДЕСТРУКТИВТІ АҒЫМДАР — БІРЛІКТІҢ ЖАУЫ

ЖАРАТҚАН АЛЛА ТАҒАЛАҒА САНСЫЗ МАДАҚ, АРДАҚТЫ ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ МҰХАММЕД МҰСТАФАҒА КӨПТЕГЕН САЛАУАТ ПЕН СӨЛЕМ ЖОЛДАЙМЫЗ.

ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМДАР ДІНДІ ӨЗІНІҢ БАСТАПҚЫ РУХАНИ, АДАМГЕРШІЛІК МӨНІНЕН БҰРМАЛАП, ОНЫ БЕЛГІЛІ БІР ТОПТЫҢ ТАР МҮДДЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН ҚҰРАЛҒА АЙНАЛДЫРАТЫН КӨЗҚАРАСТАР ЖҮЙЕСІ. МҰНДАЙ ТҮСІНІКТЕГІ АДАМДАРДЫ ШЫНАЙЫ ДІНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДАН АЛЫСТАТЫП, БІРЖАҚТЫ ОЙЛАУҒА, СОҚЫР СЕНИМГЕ БАҒЫТТАЙДЫ. БҰЛ АҒЫМДАРДЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІГІ – ӨЗ ҰСТАНЫМДАРЫН ЖАЛҒЫЗ АҚИҚАТ РЕТІНДЕ КӨРСЕТУІ. ОЛАР ҚОҒАМДАҒЫ БАСҚА КӨЗҚАРАСТАРДЫ, ДӘСТҮРЛІ ДІНИ ТҮСІНІКТЕРДІ НЕМЕСЕ МӨДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАБЫЛДАМАЙДЫ. СОНЫҢ НӨТИЖЕСІНДЕ «БІЗ» ЖӨНЕ «БАСҚАЛАР» ДЕГЕН ТҮСІНІК ҚАЛЫПТАСЫП, АДАМДАР АРАСЫНДА АЛАУЫЗДЫҚ ТУДЫРАДЫ. МҰНДАЙ ОРТАДА ПІКІР АЛУАНДЫҒЫ МЕН ӨЗАРА ҚҰРМЕТ ӨЛСІРЕЙДІ.



Деструктивті идеология көбіне адамның санасына жүйелі түрде әсер ету арқылы орнығады. Олар ақпаратты іріктеп беріп, белгілі бір түсінікті ғана дұрыс деп көрсетеді. Эмоциялық ықпал ету, қорқыту немесе жалған үміт беру тәсілдері арқылы адамдарды өздеріне тәуелді етеді. Уақыт өте келе адам өз бетінше ойлау қабілетін жоғалтып, топтың көзқарасын толық қабылдауға мәжбүр болады. Адамды отбасы, туыстық орта және дәстүрлі құндылықтардан алыстатып, тек өз тобына тәуелді етуге тырысады. Кей жағдайларда заң мен қоғамдық тәртіпті елемей, мемлекеттік жүйеге қарсы көзқарас қалыптастыру сияқты идеялар да көрініс табады. Деструктивті діни ағымдардың идеологиясы тек жеке адамның дүниетанымына ғана емес, бүкіл қоғамның тұрақтылығына кері әсер етеді. Ал шынайы ислам діні – адамдарды ізгілікке, бірлікке және бейбітшілікке шақыратын құндылық болса, деструктивті ағымдар осы мәнді бұрмалап, керісінше алауыздық пен тұрақсыздыққа жетелейді. Деструктивті діни ағымдардың пайда болуы – белгілі бір кезеңмен ғана шектелетін құбылыс емес, ол адамзат тарихындағы әлеуметтік, саяси және рухани өзгерістермен тығыз байланысты күрделі үдеріс. Ежелгі дәуірлердің өзінде-ақ дін атын жамылып, адамдарды өз ықпалына бағындыруға тырысқан топтар кездескен. Олар шынайы діни ілімді бұрмалап, өз мүдделеріне сай түсіндіру арқылы қоғам ішінде алауыздық туғызуға әрекет еткен.

Бүгінгі таңда жаһандану дәуірінде ақпарат алмасу бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Интернет пен әлеуметтік желілер адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналып, қоғамның барлық саласына, соның ішінде дін мен руханият әлеміне де терең ықпал етуде. Өкінішке қарай, дәл осы ашық ақпарат кеңістігін деструктивті діни ағым өкілдері өз мақсаттарына пайдаланып, дін атын жамылған жалған идеяларын таратып, әсіресе санасы қалыптасу үстіндегі жастардың жүрегіне күмән мен бүлік ұрығын себуге тырысуда. Олар тар шеңберлі түсініктер мен шектен шыққан көзқарастарды насихаттап, Исламның шынайы бейбіт сипатын бұрмалап, қоғамды ата-баба дәстүрінен, ұлттық құндылықтардан және қоғам бірлігінен алыстатуға ұмтылады. Мұндай идеологиялық шабуылдар – бүгінгі заманның ең қауіпті рухани сынақтарының бірі болып

отыр.

Деструктивті ағымдар мен шектен шығушылық

– Исламға жат қасиет Ислам діні – адамзатты туралыққа, ұстамдылыққа, әділдікке және татулыққа үндейтін кемел дін. Бұл діннің негізінде тепе-теңдік, парасат, мейірім мен адамгершілік жатыр. Сондықтан Ислам ешқашан шектен шығуды, орынсыз қатгездікті, бүлікшілдік пен алауыздықты құптамайды. Керісінше, адамдарды өзара құрметке, ынтымаққа, сабыр мен даналыққа шақырады. Ал деструктивті ағымдар осы асыл құндылықтарды бұзып, діннің шынайы болмысын бұрмалайды. Олар Исламның көркем үкімдерін тар түсінікпен қабылдап, мейірім мен әділетке негізделген ұлы жолды қаталдық пен қатыгездікке айырбастайды. Мұндай ағымдардың түп негізінде көбіне надандық, діни сауатсыздық, таяз түсінік, менмендік және өзгені жоққа шығаруға бейім көзқарас жатады. Нәтижесінде олар адамдарды хақ жолдан алыстатып, қоғам арасына іріткі салып, мұсылмандардың арасына күмән, қорқыныш және жікшілдік ұялатады. Деструктивті ағымдардың ең қауіпті тұсы – олар дінді бірлік пен бейбітшіліктің емес, бөлінушілік пен өшпенділіктің құралына айналдыруға тырысады. Ал шын мәнінде, бірлікті бұзу – әлсіздіктің бастауы. Ынтымағы кеткен елдің ырысы қашады, татулығы кеткен жұрттың туғыры шайқалады. Сол себепті халқымыз: «Бірлік бар жерде тірлік бар» деп бекер айтпаған. Ұлттың тұтастығына сызат түсіретін, елдің тыныштығына қауіп төндіретін кез келген теріс идеология – қоғам үшін зор қатер. Асыл дініміз адамдарды бүлікке емес – бейбітшілікке, өшпенділікке емес – бауырмалдыққа, қатыгездікке емес – рақымшылыққа тәрбиелейді. Сондықтан деструктивті ағымдардың жетегінде кету – тек жеке адамның адасуы ғана емес, тұтас қоғамның бірлігіне нұқсан келтіретін ауыр дерт.

Ислам орта жолды, ұстамдылық пен әділдікті ұстанатын дін. Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде бізге орта жолды ұстануды әмір еткен:

«(Уа, Мұхаммедтің үмбеті!) Міне, осылайша сендерді адамдарға ақиқатты көрсетсін һәм олардың істеріне куә болсын, сондай ақ Алла елшісі де сендерге дәл солай куә болсын деп, (төрт аяғын тең басып үлгілі де қайырлы, сенімі мен әр ісінде әсіре-сілтеушілік пен немқұрайдылықтан ада) ортан үмбет қылдық», – де-

ген («Бақара» сүресі, 143-аят).

Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) да үлкен дінде шамадан тыс кетуден сақтандырған: «Дінде шектен шығудан сақ болындар! Сендерден бұрынғыларды дінде шектен шығу құртқан», – деген (Ибн Мәжа).

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бізді дінде шектен шығудан сақтандырды. Өйткені мұндай әрекеттер қоғамның іргесін ірітіп, бүліктің басталуына себеп болады. Мұсылман баласы– қолымен де, тілімен де өзгеге зиян тигізбейтін (бұл хадисте келген сөз), жүрегінде жұмсақтық пен кешірім ұялаған адам.

Деструктивті ағымдардың қоғамға тигізетін залалы

Қоғамның тыныштығы мен елдің бірлігіне ең үлкен қауіп төндіретін нәрсенің бірі – адамдардың санасын улайтын теріс діни ағымдар. Соның ішінде дінді желіу етіп, жастарды алдап-арбап, елді бөлінуге итермелейтін жат діни түсініктердің зияны өте үлкен. Мұндай ағымдар сырттай қарағанда дінге шақырып жатқандай көрінгенімен, шын мәнінде діннің асыл құндылықтарын бұрмалап, адамдарды қоғамнан, дәстүрден, тіпті өз отбасынан алыстатуға тырысады. Өсіресе жастар мұндай арбауға тез ілінуі мүмкін. Өйткені жастық шақ – ізденіс пен сенім қалыптасатын кезең. Жүрегінде иманға бетбұрыс, ақиқатты тануға құлшыныс болған жас кейде кімнің дұрыс, кімнің бұрыс айтып тұрғанын ажырата алмай қалады. Осыны пайдаланған теріс пиғылды топтар әлеуметтік желі, қысқа бейнежазба, әсерлі ұран, жалған «уағыз» арқылы жастардың санасына күмән тастайды. Олар «таза дін», «шын жол», «нағыз мұсылмандық» деген ұғымдарды өз мақсаттарына бұрып, көпшілікті шатастыруға күш салады. Мұндай ағымдардың ең алғашқы зияны – адамның ойын өзгертуінде. Кеше ғана ата-анасын сыйлап, туысын құрметтеп, елмен араласып жүрген жас біртіндеп бөрінен суық бастайды. Отбасын түсіنبейтін, қоғамды қабылдамайтын, ел ішіндегі халқымыздың дәстүрлеін жоққа шығаратын хәлге жетеді. Сөйтіп, өзіне дейінгі ұрпақтың жолын менсінбей, ата-баба мұрасын төрк етуге бейім болады. Қазақ халқының сан ғасырлық салт-дәстүрін «дінге қарсы» деп көрсету арқылы олар жастың рухани тамырын үзуге тырысады. Ал тамырынан ажыраған адам – бағытынан да адасады. Діннің атын жамылған теріс

ағымдардың келесі бір үлкен зияны – қоғамға бүлікшіл ой тартуында. Олар мемлекет заңын мойындамауға, ел ішіндегі тәртіп пен тұрақтылықты жоққа шығаруға, жұртты бөлінуге шақырады. Соның салдарынан адамдар арасында сенімсіздік пайда болады, бір-біріне құдікпен қарау көбейеді, ал бұл қоғамның ішкі тұтастығына сызат түсіреді. Бірлігі әлсіреген елдің берекесі кетеді, тыныштығы бұзылады. Мұндай теріс идеологияның қауіптілігі – оның бір адаммен шектелмейтінінде. Бір адамның адасуы – бір отбасының қайғысына айналады. Ал бір отбасының күйреуі – тұтас қоғамға әсер ететін дертке ұласады. Кейде мұндай ағымға ерген жастар ата-анасымен араздасып, бауырларымен байланысын үзіп, тіпті өз ортасынан оқшауланып кетеді. Бұл – рухани қасірет. Өйткені Ислам діні адамдарды бөлінуге емес, қайта татулыққа, мейірімге, туыстық байланысты сақтауға шақырады. Олар өзге пікірге төзімсіз, қатыгез әрі өз ұстанымынан бас тартпайтын күйге түседі. Мұндай мінез шынайы мұсылманның сипатына жат. Ислам – бейбітшілік, мейірім және тепе-теңдік діні. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Мұсылман мұсылманның бауыры. Ол бауырына қиянат жасамайды және оны залымдарға тастамайды. Кім бауырының мұқтаждығын өтесе, Алла да оның мұқтаждығын өтейді», – деген (имам Бұхари). Қазақ халқының тарихына үңілсек, ата-бабаларымыз Ислам дінін дәстүрмен үйлестіріп, имандылық пен ізгілікке үндеп келген. Олар үшін дін мен дәстүр егіз ұғым болған. Абай атамыз:

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз еш уақытта жалған болмас», – деп, иман мен ақылдың, рух пен парасаттың тұтастығын дәріптеді. Қорыта айтқанда елді бөлетін, жастардың санасын улайтын, отбасын ыдырататын, қоғам тыныштығына сызат түсіретін кез келген жат ағымнан сақ болу – бәрімізге ортақ міндет. Мұндай қауіптің алдын алудың жолы – дұрыс діни білім, отбасы тәрбиесі, ұлттық құндылыққа беріктік және қоғаммен байланысын үзбей. Жастарға шынайы дінді дұрыс үйрету, оларды пайдалы ортаға бағыттау, ата-баба жолындағы байыпты ұстанымды түсіндіру – бүгінгі күннің маңызды ісі.

Бақжарық қажы ҚЫЗЫРҰЛЫ, Ойыл аудандық мешітінің бас имамы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСУ – БАРШАМЫЗДЫҢ МІНДЕТІМІЗ!

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің тұрақты дамуына кері әсер ететін қауіпті құбылыстардың бірі. Ол қоғамдағы әділдік пен теңдік қағидаларына нұқсан келтіріп, азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін төмендетеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – мемлекет үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін маңызды міндет. Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жасауға ерекше көңіл бөлінеді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алуға, олардың жолын кесуге және қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қалыптастыруға бағытталған.

Заң талаптарын сақтау – әр азаматтың міндеті. Пара беру немесе пара алу, қызметтік жағдайын жеке пайдасына пайдалану, таныстық арқылы заңсыз артықшылыққа ие болуға ұмтылу – қоғамға зиян келтіретін әрекеттер. Мұндай жағдайларға немқұрайлы қарамай, заңсыздықтың алдын алу әрбір адамның азаматтық жауапкершілігін көрсетеді.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың ең тиімді жолдарының бірі – құқықтық сауаттылықты арттыру. Азамат өз құқықтары мен

міндеттерін жақсы білген сайын, заңсыз әрекеттерге қарсы тұру мүмкіндігі де жоғары болады. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің адалдығы, ашықтығы және халық алдындағы жауапкершілігі де үлкен маңызға ие.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек жазалау шараларымен шектелмеуі тиіс. Оның алдын алу, қоғамның құқықтық мәдениетін көтеру және адалдық құндылықтарын насихаттау да маңызды. Әр адам «жемқорлыққа жол бермеу – менің де міндетім» деген ұстанымды қалыптастырса, қоғамда оң өзгерістер болады.Еліміздің болашағы – заңды құрметтейтін, әділдік пен адалдықты бағалайтын азаматтардың қолында. Жемқорлыққа қарсы мәдениет отбасынан және білім беру ұйымдарынан басталады. Балалар мен жастарға адал еңбек ету, өзгенің құқығын құрметтеу, заңды сақтау және әділ болу құндылықтарын ерте жастан үйрету қажет. Өйткені бүгінгі жас – ертеңгі ел азаматы. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске әрқайсымыз өз үлесімізді қосуымыз керек. Адалдықты сақтау – өзінді ғана емес, қоғамды да қорғау. Жемқорлықсыз қоғам құру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Т. РЫСҚАЛИЕВ,
Ойыл аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасының башысы.

АБАЙЛАҢЫЗ, АЛАЯҚТАР! БЖЗҚ САЛЫМШЫЛАРДЫ АЛДАУДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТЕДІ

Соңғы уақытта БЖЗҚ бөлімшелеріне міндетті зейнетақы жарналары аударылмағаны туралы хабар алған азаматтар жиі жүгінетін болды. Алаяқтар өздерін Қор қызметкері ретінде таныстырып, бірнеше жыл еңбек өтілі зейнетақы есептеу кезінде ескерілмей қалғанын айтып, соның негізінде зейнетақыны қайта есептеп, мөлшерін арттыруға болатынын айтатын көрінеді.

Алаяқтар қалай әрекет етеді?

Алаяқтар сенімге кіру мақсатында Қордың нақты жұмыс істейтін бөлімшелерінің мекенжайына айтып, азаматтарды сол жерге келуге шақырады. Филиалға жүгінушілердің айтуынша, қызметті «жылдам әрі ыңғайлы алу үшін» алдын ала электрондық кезекке қоямыз деп, SMS арқылы келген растау кодын айтуды сұрайды. Өкінішке қарай, мұндай кодтарды алаяқтарға хабарлап қойған азаматтар да бар.

Маңызды ескерту!

БЖЗҚ қызметкерлері қоңырау соқпайды, телефон арқылы, электрондық пошта немесе мессенджерлерде SMS-кодтарды, құпиясөздерді, банк карталарының деректемелерін және өзге де

құпия ақпаратты ешқашан сұрамайды. БЖЗҚ барлық қызметтерді тегін көрсетеді. Зейнетақы төлемдерін рәсімдеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қатаң тәртіппен жүзеге асырылады.

Қоңырау шалушы сіздің аты-жөніңізді, ЖСН-іңізді, мекенжайыңызды немесе жұмыс орныңызды білгенімен, бұл оның ресми қызметкер екенін білдірмейді. Мұндай мәліметтер алаяқтардың қолына ашық дереккөздерден тұсуы мүмкін.

Өзіңізді қалай қорғауға болмай?

- SMS арқылы келген кодтарды және жеке деректеріңізді ешкімге бермеңіз.
- Өңгіме SMS-код туралы басталған сәтте күмәнді қоңырауды бірден тоқтатыңыз.
- Ақпараттың дұрыстығын тек ресми арналар арқылы тексеріңіз (байланыс орталығы, ресми сайт немесе мобильді қосымша)
- Алаяқтық белгілері байқалған жағдайда құқық қорғау органдарына хабарласыңыз.
- Қырағы болып, жақындарыңызды, әсіресе егде жастағы туыстарыңызды алаяқтардың әрекетінен қорғаныз!

ОСТОРОЖНО, МОШЕННИКИ! ЕНПФ ПРЕДУПРЕЖДАЕТ О НОВЫХ СХЕМАХ ОБМАНА ВКЛАДЧИКОВ

В Филиалы ЕНПФ часто стали обращаться вкладчики, за которых якобы не платят обязательные пенсионные взносы. Злоумышленники, представляясь сотрудниками Фонда, звонят и сообщают об обнаружении нескольких лет стажа работы, не включенных в общий стаж для расчета пенсии, предлагают произвести перерасчет пенсии в сторону увеличения.

Как действуют мошенники?

Для решения данных вопросов, в целях установления более доверительных отношений, мошенники сообщают адрес и приглашают в реально работающие отделения Фонда. Со слов обратившихся вкладчиков/получателей, для якобы удобства и быстрого обслуживания, злоумышленники предлагают забронировать электронную очередь и просят сообщить код из смс-сообщения. К сожалению, есть получатели, которые уже сообщили коды мошенникам.

Важно знать:

сотрудники ЕНПФ не звонят, не запрашивают по телефону, почте

или в мессенджерах SMS-коды, пароли, реквизиты карт или другие конфиденциальные данные. ЕНПФ оказывает все услуги абсолютно бесплатно.

Оформление пенсионных выплат происходит строго в установленном законом порядке. Если звонящий знает ваше имя, ИИН, адрес или место работы, это не значит, что он официальное лицо. Эти данные могли быть получены злоумышленники из открытых источников.

Как защитить себя?

- Не сообщайте SMS-коды и личные данные никому и ни при каких обстоятельствах.
- Прерывайте подозрительные звонки сразу, как только речь заходит о кодах из сообщений.
- Проверяйте информацию самостоятельно через официальные каналы (колл-центры, официальные приложения или сайты).
- Обращайтесь в полицию при малейших подозрениях на мошенничество.
- Будьте бдительны и предупредите своих близких, особенно пожилых родственников!

Қызылағаштан бірінен соң бірі орысы, немісі, шешені бар үдере көше бастады. Әр үйдің ауласын- да бір күйбең: біреу дүние-мүлкін буып-түйіп жатыр, біреу үйін сау- далап әлек, енді біреу бос қалған құжырасына қимастықпен қарап тұр. Сол көштің арасында жалғыз бір үй асықпады.

Ол – Вовканың үйі.

Ескі қорасының шатыры шұрық-тесік. Шарбақтың бір жағы қи-сайып кеткен. Бірақ Вовка соның бәрін біртіндеп жамап-жасқап, күндегідей тіршілігін істеп жүре берді. Ешқайда жиналмады. Еш-кімге қосылмады.

«Қырықтан асқанда қайда ба-рам-ын», – деді біреу сұрағанда. – «Туған жер осы.» Сол сөзімен қалды.

Қалғанымен қоймай, байқатпай жүріп ауылдың тірегіне айналды. Жарық өшсе, Вовканы іздейді. Телевизор мен радио істемей қал-са, Вовқаға апарады. Пеш түтін-деп, үйді басып кетсе, Вовканы шақырады.

Ауыл халқы оны «алқаш» деп сө-деді. Балалар жағы да қалыспай-ды:

– Орыс, орыс оңбаған, он шо-шқаға тоймаған! – деп сыртынан күледі.

Бірақ сол сөзді айтқан баланың әкесі ертеңіне-ақ Вовканың есі-гін қағып тұрады. Күні туған соң, амалсыз барады да.

Вовка ешқашан шікірейіп қарсы алмайды. Керісінше, бір сөзін бөлмей мұқият тыңдайды. Сосын үндемей киініп, еріп кете береді. Вовка ішеді. Ішкенде әкесін та-нып тұрып ішеді. Оған ілесетін жан да жоқ. Жалғыз «шабады». Алдынан арқан керіп тоқтатпаса айлап көсілетіні бар. Айтпақшы, ішкенде ешкіммен жаға жы-ртыспайды, төбелеспейді. Үйді мазатпайды. Бала-шағасының шұласын алмайды.

Тек... жұмыс тоқтайды. Свет жан-байды. Пеш тартпайды. Трактор оталмайды.

Ақшасы таусылса, Вовка жөртөлесіндегі картобын сатып, соған ішеді.

Сол кезде ғана әйелі Таняның да-уысы шығады. Зарлайды-ай кеп. Бұл үйде Вовканың ішкенинен ең көп зардап шегетін – Таня.

Ал ауылда бәрі.

– Вовка алқаш емес, ол керек адам, – деді мұғалім Тоқтар бір жиында.

– Иә, керек адам, керек адам – деді өзгелер Тоқтарды қостап. «Керек адам» деген сөздің ішін-де көп дүние бар. Вовканы бір жағынан ақтап алу болса, бір жағынан мойындау сияқты. Бұл ауылда Вовка десе кірпідей жырылатын бір-ақ адам бар.

Ол – Серікбай әкім.

Вовканы сошпалықты жек көр-мейді. Жақсы да көрмейді. Себебі Вовка бар жерде, оның «әкім» деген дардай атағы ма-заққа айналады.

– Әй, Серікбай, бұл ауылдың әкімі сен бе, Вовка ма? – дейді көрген жерде құрдастары күліп.

– Мен, – дейді ол қысқа ғана.

– Қайдам... сенен гөрі жұртқа Вов-ка керек сияқты ғой.

– Сен конторыңда қағаз шұқылап отырасың. Ал ол бүкіл ауылдың шаруасын шешіп отыр.

–Вовка болмаса, сені орныңнан алып тастайды ғой.

Серікбай мұндайда ашуланып ке-теді.

– Атаңның басы! – дейді.

Сосын тағы бірдеңе айтқысы келіп барып, тоқтай қалады. «Әкім мен алқашты қатар қоясыңдар ма?» деген сөз тілінің ұшына келеді де, жұтылады. Өйткені, іштей өзі де бірдеңені түсінетін сияқты. Шынында да, Вовкасыз ауылдың күні қаран.

Көктемде қар еріп, жол батпаққа айналғанда, совхоз тарағанда талан-тараждан аман қалған ескі тракторларды тірілтетін – Вовка. Тракторды жасап бітпейінше астынан шықпайды. Бір күн жа-тады, екі күн жатады. Үшінші күні

мотор гүр ете қалады. Оны бүкіл ауыл естиді.

– Жүрмейтін техника жоқ, – дейді ол май-май қолымен махоркасын орап жатып, өзіне риза кейіпте. – Қалайша? – дейді қасындағы-лар жапа тармағай.

– Тілін табу керек. Кейбір адам-ның тілін тапқанша, трактордың тілін табу оңай, – дейді Вовка шылымын будақтатып.

Ол «сварканың» да шебері. Үл-кендер жағы талай темірші ұста-ларды көріп едік. Бірақ бір-біріне жалғап темірді тіккен адамды көруіміз осы деп таңырқайды да отырады.

Бұл сөздер әкім Серікбайдың құлағына тисе, жыны келеді. «Жаман алқашты әулие тұтқан өңкей топас» дейді ішінен зығыр-даны қайнап. Сосын: «Шынымен бір маскүнемге мұқтаж ауыл бол-дық па?» - деп ойланып кетеді. Ал Вовка... тағы бір жерде керек болып жүреді. Ол керек адам ғой. Сол күні Вовка ұйқысынан түсте бірақ тұрды. Бас деген сынып барады. Көзін әрең ашты. Тере-зеден түскен күннің әлсіз сәулесі көзін қарып өткендей болды. Бас сүйегінің ішін біреу бұрғылап жатқандай. Ауызы құрғап, тілі ісіп кеткендей. Орнынан сүйретіліп әрең тұрды. Тамақ ішпек болды. Тәбет жоқ. «Уды у қайтарады. Ол улы қайда табам?» Ескі күнәй-кесін киді де, әкім Серікбайдікіне тартты.

Кеше әкімнің үйі құда күткен еді. Серікбай әуелде Вовканы шақы-рғысы келмеген. «Жарық сөніп қалса, бұл алқашты қайдан іздеп жүремін. Одан да көз алдымда жүрсін», - деп оны да шақырды. Әйелі қарсы болып еді: «Бұл Қы-зылағаштың желі соқса, жарық сөніп қалатынын білесің ғой. Вов-ка керек. Әмбе, құдалармен бірге дастарқанда отырмайды. Ет жай-ғайтын жігіттердің қасында сама-уырын қайнатып жүреді», - деді. Әйелі одан ары қарсыласпады.

Вовка ілдебайлап, ауылдың бір шетіндегі әкімнің үйіне әрең жет-ті. Кеше ғана құда күтіп, думанға толған меймандос шаңырақ бүгін момақан күйге түскен. Оты сөн-ген қазан-ошақ пен шетте қалған бір-екі самауырын «қызметімзді атқарып біттік» дегендей үнсіз тұр.

Вовканың көзіне кеше өздері іш-кен арақтың бос бөтелкелері от-тай басылды. Кеше ғана олар бір топ еркектің ортасында жарқырап тұрған еді, ал қазір жерде дома-лап жатыр. «Кеше шетімізден бізді домалатып едіңдер, енді өз-дерің домалап жатысыңдар ма?» - деді ішінен Вовка.

Есікті қақты. Үн жоқ. Тағы да қақты. Кетуге болмайды, бас жаз-баса, жаны шығып бара жатқан-дай.

Ақыры есік сықырлап ашылды. Багила Вовқаға жиіркене көз та-стады.

– Серікбай үйде жоқ. Шұғыл ау-данға кеткен. Саған беретін арақ та жоқ, – деді ол салқын ғана. Со-сын жауап күтпестен есікті қайта-дан тарс жапты. Осыдан соң Вовка Сағабүйенге қарай аяңдады. Неге бара жатқа-нын өзі де анық білмейді. Бәлкім, мұздай суға түсіп, бойын сергіткісі келген шығар. Бірақ қыстың қыты-мыр күнінде оған қалай түспек? Күн де еңкейіп барады, қысқа ғұ-мыры таусылар шаққа жеткендей, жарық та тез солғындап, дала өңі бірте-бірте сұрғылт тартты.

Оның санасын бір ғана ой билеп алған: «Бір шөлмек... жоқ, тым құрыса елу грамм болса да же-тер еді.» Бас жазбаса, дүние төң-керіліп, жүрегі ауызынан ытқып шығатындай.

Өзенге жетті. Су әлі тұтас қатып

үлгермеген екен. Жағаға еңкей-

іп, бетін жууға оқталған сәтте-ақ, бойы мұздап кетті. Амалсыз уыс-уыс қар алып, бетін ысқылай бастады.

Сол кезде көзі су бетіне түсті. Дөңкиіп бір қара тайынша жатыр. Вовка кідірген жоқ. Етігін шешпе-стен өзенге қойып кетті. Белу-ардан келетін суға малтығып, итшілеп жүріп, өлексені өзер де-генде жағаға сүйреп шығарды.

Кімнің малы, қалай өлген оған мүлдем бас қатырған жоқ. Қо-нышынан пышағын суырып алды да, тайыншаның терісін сыпыра бастады. Кеш батуға таяу. Асығу керек. Бас жазу керек.

Ішінен бір арам үміт жылт етті: «Мынаның терісіне бір емес, екі бөтелке алармын...»

Бұл оқиғадан кейін Вовканың басы жазылуы жазылды ғой. Бірақ өзеннің суы сүйегіне дейін өтіп, бір ай төсек тартып жатып қалды. «Өкең арақтан өліп пе еді?» - деп қатыны Таня зар жылады. «Вовка өлмейді, жаны сірі», - деді ауыл халқы. Мұғалім Тоқтар Серікбай-ға да, оның әйеліне де ренжіді. Вовка болса, ешкімге өкпе артқан жоқ. Серікбай Тоқтардың ренішін түсінген жоқ. «Елмен бірге ішті. Енді оның басын жазып беруге міндетті емеспін. Әйелім өтірік айтқан жоқ. Сол күні ауданға кет-кенім рас», - деп Тоқтарға бет қар-атпады.

Вовка жазылды. Тағы да баяғы күйбең тірлік басталды. Бір-бірі-не ұқсас ауылдың күндері сырғып өтіп жатты. Бір сарынды, бір қа-лыпты. Ауыл адамдары әдетте-гідей Вовканы іздеп келеді. Ол да ешкімнің бетін қайтармай, қо-лынан келгенін жасап береді.

Бірақ бұл жолы бері басқаша бол-ды. Вовка Серікбайдың өтінішін кері қайтарды.

Серікбай аң-таң қалды. Қанша жалынса да, Вовка райынан қай-тпады. Бірде жағынды, бірде жа-лынып көрді. Сөз өтпеді. Іштей намысы да жібермейді: әкім ба-сымен біреудің аяғына жығыла қойсын ба, оның үстіне Вовканың алдында... Соған қарамастан, тыңырққа тірелген соң, амал із-деді.

Ақыры ары ойланып, бері ой-ланып, бір тыңдаса Тоқтарды тыңдар деп мұғалімді ертіп Вов-каның үйіне барды.

– Вовка, сенің маған өкпең бар ма? – деді әкім, алдына қойылған борщтан дәм татқансып.

– Жоқ, – деді Вовка қысқа ғана жауап қайырып, қонағы әкелген шөлмектің ортасында ашып жатып.

– Онда неге бармайсың?

– Ол жақта не бітірем?

– Ауылдың намысы дегендей... – деп Серікбай күмілжіді.

–Мен ауыл үшін аянып жүргенім жоқ.

– Вот именно! Сен нағыз ауыл-дың, елдің, жердің патриотысың. Саған ауданға бару керек, – деп мұғалім Тоқтар сөзге араласты. – Ол не, патриоттардың жиналы-сы ма? – деді Вовка «қақанан»

– Ол не, патриоттардың жиналы-сы ма? – деді Вовка «қақанан» тағы бір стақан тартып жіберіп. Оның тілін табу үшін Серікбай да қалыспай алып отыр.

– Қайдағы патриоттар жиыны? Өткенде бәрін түсіндірдім ғой. Шақыртуды да көрсеттім, – деді әкім ренжігендей болып.

– Вовка, иә, патриоттардың жина-лысы десе де болады. «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз» деген жиын. Облыстан басшылар келеді. Ауылдың жайын айтасыңдар, елдің жағдайын сөз етесіңдер, – деді Тоқтар сабырмен.

– Ауылдың жағдайын Серікбай

айтып жүр ғой ауданға барып.

Тоқтың сымдарын жаңартсын.

Жарық сонда сөне бермейді, –

деп Вовка бұрқ ете қалды.

– Ой, ол жерде сенің темір-тер-сегің айтылмайды. Үлкен мәселе-лер қозғалады. Түсіңсенші, – деді әкім күйіп.

Вовка бұл жолы тіс жармады.

– Вовка, тыңдашы. Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Түрлі ұлтқа ортақ үй. Әр ауылдан сондай бір адам барады. Көрші Қопадан ше-шен Рамазан бара жатыр. Мола-лыдан татар Ахмет шал барады екен, – деп Серікбай әңгімесін жалғады.

Қызып қалған Вовка тек:

– Құя берші... – деумен болды.

Вовканы көндірмей қайтпаймын деп бекінген Серікбай да тартын-бады. Ол да іше берді. Біраздан соң Тоқтар мұғалім:

– Ертең сабағым бар, – деп ор-нынан тұрып, қайтып кетті.

Екеуі ғана қалды. Екеуі де қыза бастаған.

– Вовка, сонымен барасың ғой? – деді әкім қойнынан тағы бір шөл-мекті суырып алып.

– Барар едім... Мен орыс емеспін ғой, – деді Вовка қулана езу тар-тып.

– Енді кімсің?

– Шоқпармын.

– Шын шоқпарсың ба?

– Иә, міне, қолым!

– Онда менің бауырымсың ғой!

– Иә, – деді Вовка ыржиып.

– Шын айтып тұрсың ба? – деді Серікбай сенер-сенбесін білмей-тін адамның кейпіне кіріп

– Шын. Руым – Матай. Матайдың

ішінде – Шоқпар.

– Әй, әкеңнің ауызы, қазақтың ішінде жүріп, ру жаттап алғанын қарашы! – деді әкім қарқ-қарқ күліп.

– Секе, біз сендер сияқты алпы-сыншы жылдары Қытайдан кел-генбіз.

– Ол жақта не аталарыңның басы бар еді?

– Әкелеріміз ақтың атаманы Ан-ненковтың әскерінде болыпты.

– Сонда соғысқан ғой? Мықты ба-тыр болған екен! – деді әкім, оны әдейі көтермелегісі келгендей.

– Жоға, батрақ болған. Ақтар қашқанда жылқы айдатып, өз-дерімен күштеп алып кетіпті, – деді Вовка қай ғана.

Сәл үнсіздік орнады.

– Вовка, сен шынымен шоқпар болсаң, ауданға барып кел. Бар-масаң, мына мен – бауырың – сөгіс аламын. Тіпті жұмыстан да қуылуым мүмкін, – деді әкім да-уысы бөсендеп.

– Барсам, барайын... – деді Вов-ка ойлана.

Серікбайдың жүзі жадырап кетті.

– Қолды әкел!

– Міне, қолым.

– Тек бір шартым бар, – деді Вов-ка.

– Айт.

– Ертең басымды жазып бересің.

– Әңгіме жоқ.

–Ауданнан келген соң бір жарты құясың.

– Құямын.

Екеуі қол алысты.

Серікбай сүйретіліп үйіне қайтты. Ал Вовка түнді тойға ұастырып, таң ата бергенде ғана, әйтеуір басы жастыққа тиген еді.

Вовка аудан орталығынан абы-роймен оралды. Мейманасы та-сын-ақ келді.

– Мынау енді аттың басын жібе-реді, – десті ауылдастары.

Айтқандары келмеді. Вовка Серікбай әкімнің бір жартысымен ғана тоқтады.

Вовканың артынан көп кешікпей ауылға аудандық «Әмір нұры» га-зеті жетті. «Владимир Бервинов – керек адам» деген мақала жария-ланыпты. Жарқырап Вовканың үлкен суреті тұр.

Әуелде, Вовка аудандық жиын-да елеусіз ғана залдың соңында отырыпты. Анауысы да, мынауы-сы да сөйлеген. Сөйлеп жатқандардың бірін де танымайды. Қанша зейінін салса да әңгіменің байыбын толық түсі-не алмады. Ең көп естігені: «Қа-зақстан – біздің ортақ үйіміз» де-ген сөз болды. Осы сөз құлағын

қажап, мезі етті.

Бір кезде мінберге көзілдірікті, ырғайдай мойнына қып-қызыл галстук таққан, көк костюм-шал-барлы кісі шықты.

– Құрметті жиынға қатысушылар! – деді шашын оң жаққа қайырып жіберіп. – Біздің күшіміз – бірлік пен татулықта. Қазақстан көпұлт-ты, көпвекторлы ел, – деп төпе-лей сөйлей шығады.

Бұған дейін сөйлегендер жолда қалды. Сөйлеп жатыр, сөйлеп жа-тыр, сөйлеп жатыр. Сөз, сөз, сөз. Бітетін емес. Вовка оның бір сөзін ұқса, бір сөзін ұқпады. Ұзағынан сілтеген әлгі кісі:

– Қазақстан бәріміздің ортақ үй-іміз, – деп барып, ақыры кілт тоқтады.

Осы кезде Вовка шыдай алмай кетті.

– Жолдастар, Қазақстан бәріміздің ортақ үйіміз деп жатыр-сыздар. Бұл үйдің иесі жоқ па? – деп орнынан атып тұрып, саңқ ете қалды.

Бәрі ошарылып Вовқаға қарап қалды. Залдың алдыңғы қата-рында отырған маңызды деген адамдардың өзі демдерін ішіне тартып, үнсіз қалды. Жұрттың жа-патармағай өзіне назар аударға-нына Вовка алғашында сасып қалды.

Тыныштықты мінберде тұрған қы-зыл галстукті бұзды.

– Сіз кімсіз? – деді ол.

Вовка тосылған жоқ.

– Мен керек адаммын, – деді.

– Керек адам, керек адам, – деп отырған жұрт гүлдеп кетті.

Қызыл галстукті:

– Керек адам? – деді кекесінмен.

Керек адам болсаңыз, сахнаға шығыңыз, – деді күліп.

Залдағылар да күлді.

Вовка алшаң басып сахнаға шықты.

– Бағанадан бері бөріңіз «Қа-зақстан – ортақ үйіміз, ортақ үй-іміз» дей бердіңіздер. Бұл шаңы-рақтың иесі кім? – деді маңайына сұраулы жүзбен қарап.

Жұрт тағы да сілтідей тынды. Ырғайдай мойнын ары-бері бұрып, қызыл галстукті:

– Білсең, өзің айтшы ал, керек адам, – деп жымиды.

Өзгелер де күлгендей болды.

Вовка жауапты көп күттірген жоқ.

– Мен, – деді шірене. – Сосын енді мен ғана емес, мен сияқты адамдар, – деді сөзін жалғап. – Ауылдан ел жаппай кетіп жатыр.

Ауыл деген – алтын бесік! Қай-да кетіп жатыр? Еш түсінбедім.

Қалада адамдар тауық сияқты бірінің үстіне бірі қонақтап отыр.

Не өмір? Екі аттасқан ақша. Әжет-ханаға барсаң да ақша керек. Бәрі

ақшадан өлген, – деп бір тоқтады. Көпшілік қол соғып, күліп жатыр.

– Мен осы Ақсудың суына шо-мылып өстім. Қызылағашта ту-дым. Бұл жерден ешқайда кет-пеймін. Кететіндер кетсін. Ауылда

пеш қалаймын, телевизор жасай-мын, тракторды оталдырамын, жарық өшсе тоқ жалғаймын. Қой кезегіне де бағамын. Мен керек адаммын десем, күліп жатыр-сыздар. Мені ауылдағылар шы-нымен керек адам дейді. Бұл

лақап атты мұғалім Тоқтар қой-ған. Ал шын атым – Вовка. Енді аздап ұрттағанда «алқаш» дей-тіндер де бар. Енді шаршағанда ішесің. Өздеріңіз де сөйтесіздер ғой, – деп Вовка сөзінің соңын қи-пақтай аяқтады.

Жұрт тағы да қол соғып, қыран-то-пан күлкіге қарық болды.

Вовка аудан орталығынан келген-нен кейін бір апта өткен соң Қызы-лағашқа облыстық газет журнали-стері келді. Оларды ауыл болып күтіп алып, ауыл болып шығарып салды. «Жеруық» газетінің тұтас бір бетіне Вовка шықты. Бұл жолы жалғыз өзі емес, әйелі Таня мен екі баласының суреті де жа-рияланды.

Арада бір ай өткенде телеарна журналистері жетті. Бұл жолы эфирден Вовканың өзі де, әй-елі де, балалары да және ауыл адамдары да көрінді. Өрине, бүкіл ауылдың адамы экранға сыймады. Түспей қалғандардың ішінде өкпелегендер болды.

– Әй, біздің Вовка аман бол-са, тағы да келеді ғой. Келесіде түспей қалғандар түседі, – деп үлкендер жағы ренжігендерді жү-батты.

Үлкендер қателеспепті. Теле-арналар тағы да келді. Келген журналистердің бәрі Вовканы жары

ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВТІҢ АҚ ТАРЫСЫ: ТАРИХИ ТҰҚЫМНЫҢ ӨМІРШЕҢДІГІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ БАҚЫЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Ш. БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ӨНЕР ЖӨНЕ ӨЛКЕ ТАРИХЫ МУЗЕЙІНІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ АЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАҢҚТЫ ТАРЫ ӨСІРУШІСІ ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВТІҢ АҚ ТАРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАҚТАУ, ОНЫҢ БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН САҚТАЛҒАН ТҰҚЫМЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫН, БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ АЙНАЛЫМҒА ЕНГІЗУ МАҚСАТЫНДА АҚ ТАРЫ ӨСІРУШІ РИНАТ ДОСПАМБЕТОВПЕН ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ КЕЗДЕСУІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



Зерттеу барысында Ринат Доспамбетов өсіріп отырған ақ тары алқабына далалық бақылау жүргізіліп, өсімдіктің морфологиялық ерекшеліктері, өсу қарқыны, шығымдылығы және өсіру технологиясы жан-жақты зерделенді. Бақылау нәтижесінде ақ тарының өсімдіктері біркелкі өсіп-жетілгені, сабақтарының берік әрі тік орналасқаны, жапырақтарының қалың және қанық жасыл түсті екендігі, масақтарының толық қалыптасып, дән байлау кезеңінің қалыпты жүргені анықталды.

Ринат Доспамбетовтің көпжылдық тәжірибелік бақылауы бойынша ақ тарының өсіп-дамуында өзіндік морфологиялық ерекшеліктер байқалады. Оның айтуынша, қолайлы агротехникалық жағдайда бір дәннен орта есеппен 3–7 сабақ түзіледі. Әрбір сабақта 5–7 жапырақ қалыптасады және әр жапырақтың қолтығынан масақ дамиды. Масақтар толық пісіп, кезең-кезеңімен орылып отырған жағдайда өсімдік өсуін жалғастырып, кейінгі жапырақ қолтықтарынан жаңа масақтар түзу қабілетін сақтайды. Бақылау нәтижесінде бір масақта шамамен 200–400 дана дәннің қалыптасатыны анықталған. Бұл ақ тарының өнім қалыптастыру әлеуетінің жоғары екенін және оның морфологиялық ерекшеліктерінің айрықша екендігін көрсетеді. Зерттеу барысында өсімдіктің биіктігі арнайы өлшеу нәтижесінде 140 см екені анықталды. Бұл көрсеткіш тұқым себілгеннен кейін екі айға жетпейтін мерзімде тіркелді. Өсімдіктің вегетациялық кезеңі әлі аяқталмағанын ескерсек, күзгі толық пісу кезеңіне дейін оның бойының одан әрі өсіп, жаңа масақтар қалыптастыруы күтіледі. Сонымен қатар жүргізілген өлшеу нәтижесінде 100 түйір ақ тарының салмағы 8,64 граммды құрады. Бұл көрсеткіштер тарихи тұқымның жоғары өміршеңдігін, қалыпты өсіп-даму қарқынын және өнімдік әлеуетін сипаттайтын маңызды ғылыми деректердің бірі болып табылады.

Тұқымның сақталу тарихы Кездесу барысында Ринат Доспамбетов ақ тарының бүгінгі күнге дейін жету тарихына қатысты аса құнды мәліметтермен бөлісті.

Оның айтуынша, 2022 жылдың күзінде атасы Доспамбетов Дәулетжанның өмірі мен еңбек жолына қатысты құжаттар сақталған ескі чемоданды реттеу кезінде ішінен 1976 жылғы «Казахстанская правда» газетіне мұқият оралған шамамен бір ас қасықтай ақ тары дәні табылған.

Бұл тарихи олжа Ринат Доспамбетовтің қызығушылығын оятып, тұқымның өнгіштік қасиетін тәжірибе жүзінде тексеруге негіз болған.

2023 жылдың мамыр айында аталған тұқым алғаш рет жерге себіліп, 37 күннен кейін көктеп шыққан. Сол жылы күзде алғашқы өнім жиналып алынды. Ал 2025 жылы алынған тұқым қайта егілген кезде оның көктеу мерзімі 21 күнге дейін қысқарған. Бұл тәжірибе әлеуметтік желіде жарияланып, көпшіліктің қызығушылығын тудырды.

2026 жылғы тәжірибе тарихи тұқымның өміршеңдігін тағы бір мәрте дәлелдеді. Биыл егілген ақ тары небәрі төрт күннің ішінде жер бетіне көк-

теп шыққан. Осы тәжірибелік бақылаулар ұзақ жылдар бойы сақталған тарихи тұқымның табиғи өнгіштік қасиетін жоғалтпағанын және оның жергілікті табиғи-климаттық жағдайға бейімделу қабілетінің жоғары екенін көрсетеді. Қырық жылға жуық уақыт сақталған тұқымның өнгіштігін жоғалтпай, өнім беруі ғылыми тұрғыдан ерекше назар аударуды қажет ететін құбылыс болып табылады.

Ақ тарының ерекше белгілері Өңгіме барысында Ринат Доспамбетов ақ тарыны зерттеуге қызығушылығы қалай басталғанын да баяндады. Оның айтуынша, Шығанақ Берсиевтің туған жиені Мұхамбетқали ақсақал Махмұд Шығанақұлының жазбаларында ақ тарының ерекше белгілері туралы мәліметтердің сақталғанын жеткізген. «Мұхамбетқали ағамыз Махмұд Шығанақұлының жазбасында ақ тарының құшақтарына қомай, жарты гасырға жуық уақыт сақталған тұқымның өнгіштік қабілетін тәжірибе жүзінде дәлелдеуге мүмкіндік берді. Алынған мәліметтер ақ тарының генетикалық ерекшеліктерін, ұзақ мерзім сақталу қасиетін және селекциалық құндылығын болашақта ғылыми тұрғыдан тереңірек зерттеудің өзектілігін айқындайды. Зерттеу барысында жинақталған материалдар музей қорын жаңа тарихи және ғылыми деректермен толықтырып, Шығанақ Берсиевтің ақ тарысына қатысты зерттеулердің жалғасуына, сондай-ақ ұлттық аграрлық мұраны ғылыми негізде насихаттауға мүмкіндік береді. Кездесу соңында Ринат Доспамбетовке Шығанақ Берсиевтен жалғасқан ақ тары мұрасын бүгінгі күнге дейін сақтап, оны көбейтіп, көлер ұрпаққа аманат ету жолындағы қажырлы еңбегі мен ізденісі үшін шынайы ризашылығымыз білдірілді. Ұлттық құндылыққа жанашырлықпен қарап, тарихи мұраны ғылыми тұрғыдан зерттеп, дәріптеуге қосып отырған еңбегі – кейінгі ұрпаққа үлгі болатын игі іс. Ақ тарының әрбір дәні Шығанақ Берсиевтің маңдай терін, дала еңбегінің қасиетін және ұрпақ сабақтастығын еске салады.

Еңбегі еселеніп, ақ тары өсірудегі игі бастамалары жемісті жалғасын таба берсін! Шығанақ Берсиевтің ақ тарысы қайта түлеп, ақ молшылықтың дөніне айналып, халқымыздың тарихи аграрлық мұрасының бір бөлшегі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса берсін!

«Тары – баққа емес, бапқа шығады!»

Осы халық даналығының мәнін тарыны зерттеу барысында тағы бір мәрте аңғаруға болады. Себебі тарихи тұқымның бүгінгі күнге жетуімен қатар, оны қайта егіп, зерттеп, көбейту жолындағы Ринат Доспамбетовтің еңбегі де ерекше назар аударуға лайық.

Зерттеу барысында Ринат маған тары сабағынан бір масақ кесіп берген еді. Сол масақ кесілгеннен кейін араға

екі апта уақыт салып, оның орнында сол сабақтан бес масақтың шыққанын көрдім. Бұл көрініс мен үшін ерекше әсерлі болды. «Тары – баққа емес, бапқа шығады!» деген сөздің мәнін тереңірек түсінгендей болдым. Бір масақтан бірнеше масақтың жетілуі – табиғаттың берекесі ғана емес, оны күтіп-баптаған адамның еңбегінің де жемісі. Бір масақ кесілгеннен кейін небәрі екі аптаның ішінде бес жаңа масақтың пайда болуы – өсімдіктің қайта масақтану ерекшелігін ғана емес, оны дұрыс күтіп-баптаудың маңызын да аңғартады. Бұл – табиғаттың берген мүмкіндігі мен адам еңбегінің үйлесімінен туған нәтиже.

Бір дәннен бірнеше сабақ, бірнеше сабақтан бірнеше масақ, ал әр масақтан жүздеген дәннің қалыптасуы – еңбектің берекеге айналуының нақты көрінісі. Сондықтан Ринаттың ізденісі мен тәжірибесі «Бір дәннен – мың дән!» деген қазақы ұғымның өмірдегі көрінісіндей әсер қалдырады. Бұл жерде өңгіме тек тары өсіру туралы емес. Қырық жылға жуық уақыт сақталған тұқымды жоғалтпай, қайта жаңғыртып, оның ерекшеліктерін бақылап, келер ұрпаққа жеткізу – тарихи мұраға деген жауапкершіліктің көрінісі.

Зерттеу жұмысының маңызы Жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары Шығанақ Берсиевтің ақ тарысына қатысты тарихи деректерді толықтырып қана қоймай, жарты гасырға жуық уақыт сақталған тұқымның өнгіштік қабілетін тәжірибе жүзінде дәлелдеуге мүмкіндік берді. Алынған мәліметтер ақ тарының генетикалық ерекшеліктерін, ұзақ мерзім сақталу қасиетін және селекциалық құндылығын болашақта ғылыми тұрғыдан тереңірек зерттеудің өзектілігін айқындайды.

Зерттеу барысында жинақталған материалдар музей қорын жаңа тарихи және ғылыми деректермен толықтырып, Шығанақ Берсиевтің ақ тарысына қатысты зерттеулердің жалғасуына, сондай-ақ ұлттық аграрлық мұраны ғылыми негізде насихаттауға мүмкіндік береді. Кездесу соңында Ринат Доспамбетовке Шығанақ Берсиевтен жалғасқан ақ тары мұрасын бүгінгі күнге дейін сақтап, оны көбейтіп, көлер ұрпаққа аманат ету жолындағы қажырлы еңбегі мен ізденісі үшін шынайы ризашылығымыз білдірілді. Ұлттық құндылыққа жанашырлықпен қарап, тарихи мұраны ғылыми тұрғыдан зерттеп, дәріптеуге қосып отырған еңбегі – кейінгі ұрпаққа үлгі болатын игі іс. Ақ тарының әрбір дәні Шығанақ Берсиевтің маңдай терін, дала еңбегінің қасиетін және ұрпақ сабақтастығын еске салады.

Дана ЖОЛДАСҚЫЗЫ, Ш. Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің ғылыми қызметкері.



«АТАМА СИЫНЫП, ШАУЫП КЕТЕТІНБІЗ!» Алты Алашқа аты мәлім Сүлеймен ата туралы сыр

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТОПЫРАҒЫ ӘР АДАМҒА ЫСТЫҚ. АЛ СОЛ ТОПЫРАҚТА ӨМІР СҮРІП, ЕЛГЕ ЕҢБЕГІ СІҢГЕН, АРТЫНДА ӨШПЕС ІЗ ҚАЛДЫРҒАН ТҰЛҒАЛАР БОЛСА, ТУҒАН ЖЕРДІҢ ҚАДІРІ ТІПТІ БӨЛЕК. МЕНІҢ ТУҒАН АУЫЛЫМНЫҢ СОНДАЙ ҚАСИЕТТІ ЕСІМДЕРІНІҢ БІРІ – СҮЛЕЙМЕН АТА.

Аты алты Алашқа әйгілі болған атамыздың басына бүгінде Қазақстанның түкпір-түкпірінен, тіпті Ресей Федерациясынан да арнайы адамдар келіп, зиярат етіп жатады.

Мен Сүлеймен атаны көрген жоқпын. Бірақ атаның есімін бала кезімізден естіп естік. Ата-анамыздың әңгімесінен атаның кім болғанын, ел ішінде қандай құрметке ие болғанын біліп өстік.

Бала кезімізде ойнап жүріп құлап, бір жерімізді жырып алсақ, анамыз, «Ұшықта, атаңа сиың!», – деп жұбататын. Біз болсақ, бала көңілмен атамызға сиынып алып, ештеңе болмағандай қайтадан ойнауға шауып кететінбіз. Ол кезде бұл сөздің астарында қаншама сенім, қаншама құрмет жатқанын түсінбеппіз. Кейін есейе келе ғана анамыздың сол бір ауыз сөзінің мәнін ұққандай болдым.

Сүлеймен атаның қасиеті туралы әңгімелер біздің үйде көп айтылатын. Өйткені менің әкем атаны көзімен көрген. Ол кезде әкем жасөспірім бала екен. Ел басына күн туған шақта, дін ұстанған молдалар қуғынға ұшыраған заманда Сүлеймен ата да талай қиындықты басынан өткерген. Тіпті атаның әруағына сеніп, емшілік қасиетін пайдаланғаны үшін түрмеге түскен кезі де болған екен.

Әкемнің айтуынша, бір жолы түрме басшысының жүйрік атының аяғы сынып, ешбір ем қонбай қойыпты. Сонда Сүлеймен атаның сынықшы екенін естіп, атаны алдырып:

– *Егер сынықшы екенің рас болса, атымды жазып бер. Жазылса, сені түрмеден шығарамын,* – деген екен. Ата атқа үш күн серттеген. Үш күннен кейін жүйріктің аяғы жазылып, түрме басшысы үдесінде тұрып, Сүлеймен атаны босатқан деседі.

Әкемнің бала күннде атамен байланысты көрген тағы бір оқиғасы бар.

Бір күні ата басындағы шапқасын лақтырып жіберіп, әлденені қуып, аласұрып жүріпті. Әкем:

– *Не болды, Сүлеке?* – деп сұраған екен.

Сонда ата: – *Әруақтарды қуып жүрмін. Үш жүз шақырым жерде біреу менің әруағамна сыйынып жатыр екен. Мыналар соған барғысы келмей, қашып жүр. Соларды қуып жүрмін,* – деп жауап берген екен.

Ал әкемнің өз басынан өткен бір оқиға тіпті ерекше.

Бір жолы аяғы сынып, балдақпен Сүлеймен атаның үйіне барыпты. Ата әкемді көре сала:

– *Балтағыңды таста да, екі шелек су көтеріп кел!* – деп айқайлаған екен.

Атамыздың қатты шыққан дауысынан сасып қалған әкем қалай шауып кеткенін өзі де білмей қалыпты. Аяғының сынғанын ұмытып, екі шелек суды көтеріп әкелген.

Кейін аяғының жазылып кеткенін әкем әрдайым таңданыспен айтып:

– *Алланың құдіреті ғой,* – дейтін. Зейнет жасына шыққаннан кейін әкем Сүлеймен атаның түнек үйінде шырақшы болып қызмет етті. Атаның түнек үйінің түбінен бір кішкентай жиде ағашы өсіп шыққан екен. Әкем шырақшы болып жүрген кезінде сол ағаштан келген адамдарға жеті жапырақ алып, дұға оқып беретін.

Бір күні мектеп бітірген жастар көліп:

– *Ата, ҰБТ-дан өтуге атаның көмегі керек еді. Жапырақ бересіз бе?* – деп сұрапты.

Әкем жапырақты кез-келген мақсатта пайдалануға, аяқасты өтуге болмайтынын түсіндіріп жіберген екен. Ертеңіне тағы бір адам келіпті. Әкем жапырақ алып, дұға оқып бермек болып ағашқа барса, кеше ғана жайқалып тұрған жиде ағашының жапырақтары жоқ, ағаштың өзі күп-күрең болып құрап тұр екен.

Әкем қатты шошып, бар білгенін аяғы сынып, ешбір ем қонбай қойыпты. Сонда Сүлеймен атаның сынықшы екенін естіп, атаны алдырып:

– *Егер сынықшы екенің рас болса, атымды жазып бер. Жазылса, сені түрмеден шығарамын,* – деген екен. Ата атқа үш күн серттеген. Үш күннен кейін жүйріктің аяғы жазылып, түрме басшысы үдесінде тұрып, Сүлеймен атаны босатқан деседі.

Әкемнің бала күннде атамен байланысты көрген тағы бір оқиғасы бар.

Бір күні ата басындағы шапқасын лақтырып жіберіп, әлденені қуып, аласұрып жүріпті. Әкем:

– *Не болды, Сүлеке?* – деп сұраған екен.

Сонда ата: – *Әруақтарды қуып жүрмін. Үш жүз шақырым жерде біреу менің әруағамна сыйынып жатыр екен. Мыналар соған барғысы келмей, қашып жүр. Соларды қуып жүрмін,* – деп жауап берген екен.

Ал әкемнің өз басынан өткен бір оқиға тіпті ерекше.

Бір жолы аяғы сынып, балдақпен Сүлеймен атаның үйіне барыпты. Ата әкемді көре сала:

АБАЙДЫҢ СӨЗІ - ҚАЗАҚТЫҢ БОЙТҰМАРЫ

Қазақ халқының рухани әлемінде Абай Құнанбайұлының алар орны ерекше. Ұлы ақынның шығармалары – ұлттың ой-санасын оятып, адамды білімге, ғылымға, еңбекке, ізгілік пен адамгершілікке үндейтін сарқылмас рухани қазына. Абай сөзі – уақыт өткен сайын мәні тереңдей түсетін, әр буынға тағылым беретін мәңгілік мұра. Ақынның туған күніне орай аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен саябақта ашық аспан аясында «Абай сөзі – қазақтың бойтұмары» атты көрме-арт кеңістік ұйымдастырылды. Ерекше форматта өткен шараның басты мақсаты – ұлы ойшылдың өмірі мен шығармашылығын кеңінен насихаттау, Абай мұрасын жас ұрпаққа жақындата түсу, оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру және ақынның тағылымды ойларын заманауи форматта жеткізу.

Шараның ашық аспан астында өткізілуі көрмеге ерекше сипат берді. Ұлттық нақышта безендірілген кеңістікте арнайы «Абай ауылы» құрылып, қазақы дастархан жайылды. Келушілерге ұлттық тағамдардан дәм ұсынылып, халқымыздың қонақжайлық дәстүрі дәріптелді. Осылайша әдеби мұра ұлттық салт-дәстүрмен сабақтастырылып, шараның мазмұмы толықтырылды. Көрмеге Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған кітаптар, ақынның өлеңдері мен қара сөздері қойылды. Кітапха-

нашылар тарапынан әдебиеттерге таныстырылым жасалып, келушілерге Абайдың ақындық, ойшылдық және ағартушылық қыры кеңінен таныстырылды. Ақынның білім мен ғылымға, еңбекке, адамгершілікке үндеген ойларының бүгінгі ұрпақ үшін де маңызы зор екені атап өтілді. Шара барысында «Сұңқар» клубының мүшелері Абайдың сырлы да сазды өлеңдерін нақышына келтіре орындап, көрермендерге ерекше көңіл күй сыйлады. Сонымен қатар жас оқырмандар Абай өлеңдерін мәнерлеп оқып, ақынның шығармашылық мұрасын көпшілікке жеткізді. Өуезді ән мен көркемсөздің тоғысуы шараның рухани мазмұнын аша түсті. Көрме-арт кеңістіктің тағы бір ерекшелігі – шығармашылық бағытта өтуі. Аудандық Оқушылар үйінің сурет үйірмесінің мүшелері ашық аспан астында Абай тұлғасы мен ақын әлемін бейнелейтін суреттер салып, өз өнерлерін ортаға салды. Жас суретшілер өз қиялдарын қағаз бетіне түсіріп, Абай шығармаларынан алған әсерлерін бейнелеу өнері арқылы жеткізді. Табиғат аясындағы бұл шығармашылық алаң жас өнерпаздар үшін ерекше әсерлі сәтке айналды. Сурет байқауына белсенді қатысқан жас өнерпаздардың жұмыстары көрермендердің қызығушылығын тудырды. Шара соңында шығармашылыққа белсенді атсалысқан қатысушыларға бағалы сыйлықтар табысталып,

– *Бұл менің подругам. Оның да аяғы ауырып жүр. Атаға алып келе жатырмын,* – деген екен.

Осы әңгімені ойласам, Сүлеймен атаның елге жасаған жақсылығының шекарасы болмағанын сезінемін. Қазақ деп бөлмеген, басқа ұлт деп жатсынбаған. Алыстан келген адамды да қарсы алып, қолдан келген көмегін көрсеткен. Адамның аты – артында қалған ісімен өлшенеді.

Сүлеймен атаның есімі де осындай ел арасындағы әңгімелермен, адамдардың естелігімен, ұрпақтан-ұрпаққа жеткен тағылымды сөздермен бүгінге жетіп отыр.

Қазіргі таңда да атаның түнек үйіне жанына шипа іздеп келетін адамдар бар. Қазақстанның әр өңірінен, тіпті Ресейден келетін жандардың өзі – атаның есімі халық жадында әлі де бар екенін көрсетеді.

Атамыздың қолында болған келіні Роза аяп бүгінде бала-немерелерімен ауылда қара шаңырақта тұрып жатыр. Бұл – өткеннің бүгінмен жалғасып жатқанын көрсететін бір сабақтастық.

Мен Сүлеймен атаны көрген жоқпын. Бірақ атаның атымен бірге өстім.

Анамның «Атаңа сиың» деген сөзін естіп өстім. Әкемнің атаны көргенін, оның басында шырақшы болғанын тыңдап өстім.

Әкемнің айтқан әңгімелерін тыңдап отырып, Сүлеймен ата менің көз алдыма елге сыйлы, қасиетті, кең жүректі адам болып елестейді. Бүгінде мен де өз туған жеріме қарап, мақтанамын. Осындай елге белгілі тұлғалар өткен жерде тұғаныма да, сол жерде өмір сүріп жатқаныма да қуанамын. Өйткені туған жердің қасиеті – оның кең даласында ғана емес, сол жерде өмір сүрген адамдардың еңегесінде. Сүлеймен ата туралы өңгіме мұнымен бітпейді. Ел ішінде атаның өмірі мен қасиеті жайлы айтылатын өңгіме әлі де көп. Мен солардың бір парасын ғана қағазға түсірдім. Мүмкін, бұл жазбаны оқыған атаны көрген, атаммен дәмдес болған, оның көмегін көрген жандардың да өз естеліктері бар шығар. Ендеше, ел жадындағы жақсы есімдерді ұмытпайық. Сүлеймен атаның аты – ауылымыздың мақтанышы. Ата рухы – ұрпаққа аманат. Ата есімі – ел жадында мәңгілік!

Рақима МЫРЗАҒАЛИҚЫЗЫ, Ш. Берсиев атындағы ауылдық модельді кітапханасының кітапханашысы.

жас таланттарға қолдау көрсетілді. Абай мұрасы – белгілі бір кезеңмен шектелмейтін рухани қазына. Ақынның «Толық адам» тұжырымы, білім мен ғылымға, еңбекке, талап пен ізденіске үндеген ойлары қазіргі қоғам үшін де өзекті. Оның өлеңдері мен қара сөздері адамды өзін-өзі жетілдіруге, жақсы қасиеттерді бойына сіңіруге және елге пайдалы азамат болуға үндейді.

Осындай мәдени-танымдық шаралар арқылы кітапхана оқырмандарға Абай әлемін жаңа қырынан таныстырып, жастардың әдебиетке және кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. «Абай сөзі – қазақтың бойтұмары» атты көрме-арт кеңістік те әдебиет пен өнерді, ұлттық дәстүр мен шығармашылықты бір арнаға тоғыстырған тағылымды шара болды.

Ұлы ақыннан қалған әрбір өлең, әрбір қара сөз – бүгінгі ұрпаққа бағыт-бағдар беретін асыл мұра. Абайды оқу – өзіңді тану, Абайды түсіну – ұлттың рухани болмысын түсіну. Ақынның білім, ғылым, еңбек, адамгершілік пен әділет туралы ойлары халықпен бірге жасай бермек.

Абай сөзі – қазақтың бойтұмары. Оның рухани мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ұлттық құндылықтарымыздың алтын арқауы болып қала бермек.

Балнұр ҚАЛЫБЕКҚЫЗЫ, Ойыл аудандық орталық кітапханасының кітапханашысы.